4) в случаях, предусмотренных законодательством РК, и в иных случаях, определенных настоящим Договором в одностороннем внесудебном порядке закрыть Счет (-а) и расторгнуть настоящий Договор;

5) закрыть Счет, если иное не предусмотрено законодательством РК в одностороннем порядке:

5-1) при отсутствии денег на Счете более одного года без предварительного уведомления Клиента;

5-2) при отсутствии движения по Счету более одного года с уведомлением Клиента не менее чем за 30 (тридцать) календарных дней до предполагаемой даты закрытия Счета путем направления уведомления по электронной почте либо письменным уведомлением, передачей уведомления посредством системы ДБО, SMS-сообщения на телефон и иными способами

| | |
|--|---|
| <p>бастамаса, Банк шотты жабады, Клиент ақша үшін өтініш бергенге дейін шоттағы қалдықты Банктің транзиттік шотына аударарды немесе ақша қалдықтарын ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес нотариустың депозитіне аударып, Шотты жабады.</p> <p>6) ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің өтініші негізінде Клиенттің өтініш алғаннан кейін 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей Шотты жабу;</p> <p>7) Клиенттің Банк қатысында орындалмаған міндеттемелері болғанда, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда Клиентке Шартты бұзудан бас тарту;</p> <p>8) Банкте ашылған Клиенттің Шотына қойылған уәкілетті мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, үшінші тұлғалардың Шоттан ақшаны алып қою туралы талаптары болған және (немесе) оның Шоттағы ақшасына тыйым салынған жағдайда, Шотта тыйым салынған сомаға ақша жеткіліксіз болған кезде Клиентке жаңа шоттар ашудан бас тарту;</p> <p>9) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" ҚР заңнамасына сәйкес және Банкті Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) тарту ықтималдығын болдырмау мақсатында тиісті тексеру шараларын қабылдау мүмкін болмаған жағдайда:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Клиентпен іскерлік қарым-қатынас орнатудан және ақшамен операция жүргізуден бас тарту, - банктің іскерлік қатынастарды бұзу туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама хат жолдау арқылы клиентпен іскерлік қатынастарды біржақты тәртіппен бұзу. Хабарлама хатты жолдаған күннен бастап бір айлық мерзім аяқталғанда Банк Клиентпен Шартты біржақты тәртіппен бұзады, Клиент ақшасына келгенге дейін Шоттағы ақша қалдығын Банктің транзиттік шотына аударарды; <p>10) Клиенттің банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы немесе ҚР заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да тәсілдермен Клиенттің Шотынан, сондай-ақ Клиенттің Банкте ашылған кез келген басқа да банктік шоттарынан ақшаны келесі жағдайларда акцептсіз және сөзсіз тәртіппен алып қою:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ақша аудару жолымен жүзеге асырылған, санкцияланбаған төлем фактісінің айқындалуы; - ақшаның жалған төлем құжатының негізінде аударылуы; - қате нұсқауды орындау; - ақшаның Шотқа негізсіз есептелуіне әкеп соқтырған Банктің қателіктер жіберуі; - Банк клиенттің Шарт бойынша немесе кез келген ақшалай міндеттемелер, оның ішінде қандай да банктік қызметтер көрсетілгені үшін Банк | <p>передачи данных, существующими в Банке. Если в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня уведомления Клиент не возобновит операции по Счету, Банк закрывает Счет при отсутствии денег на нем. При наличии остатка денег на Счете, Банк вправе перечислить такой остаток денег на депозит нотариуса в соответствии с действующим законодательством РК и закрыть Счет.</p> <p>6) закрыть Счет на основании заявления Клиента не позднее 30 (тридцати) рабочих дней после получения заявления Клиента, за исключением случаев, предусмотренных законодательством РК;</p> <p>7) отказать Клиенту в расторжении Договора при наличии у Клиента неисполненных обязательств по отношению к Банку, а также в иных случаях, предусмотренных законодательством РК;</p> <p>8) отказать Клиенту в открытии последующих Счетов в случаях, если имеются предъявленные к его Счету, открытому в Банке, решения и (или) распоряжения уполномоченных государственных органов и должностных лиц о приостановлении расходных операций по Счету, требования третьих лиц об изъятии денег со Счета и (или) наложен арест на деньги, находящиеся на его Счете, при условии недостаточности на Счете суммы денег, на которую налагается арест;</p> <p>9) в случае невозможности принятия мер по надлежащей проверке в соответствии с законодательством РК «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма» и в целях исключения вероятности вовлечения Банка в легализацию (отмывание) доходов, полученных преступным путем:</p> <ul style="list-style-type: none"> - отказать в установлении деловых отношений с Клиентом и в проведении операции с деньгами, - в одностороннем порядке расторгнуть деловые отношения с Клиентом, направив ему письмо - уведомление о принятии Банком решения о расторжении деловых отношений. По истечении месячного срока с даты направления письма-уведомления, Банк в одностороннем порядке расторгает с клиентом Договор, перечислив остаток со Счета на транзитный счет Банка, до обращения Клиента за деньгами; <p>10) в безакцептном и безусловном порядке изымать деньги со Счета Клиента, а также с любых иных банковских счетов Клиента, открытых в Банке, путем прямого дебетования Счета/банковских счетов Клиента или иным не запрещенным законодательством РК способом, в случаях:</p> <ul style="list-style-type: none"> - установления факта несанкционированности платежа, осуществляемого путем перевода денег; - перевода денег на основании поддельного платежного документа; - исполнения ошибочного указания; - при допущении Банком ошибок, в результате которых произошло зачисление денег на Счет без оснований на это; |
|--|---|

| | |
|---|---|
| <p>комиссияларын төлеу міндеттемелері бойынша берешегінің болуы;</p> <p>- басқа жағдайларда: ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздемелер бойынша.</p> <p>11) ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғалардың нұсқауы бойынша Шоттан ақшаны алып қою (есептен шығару);</p> <p>12) Банкке уәкілетті мемлекеттік органнан немесе лауазымды тұлғадан Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі түскен жағдайда Шотты оқшаулау, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың Клиенттің ақшасына тыйым салу туралы шешімдері түскен жағдайда Шоттағы тиісті ақша сомасын оқшаулау;</p> <p>13) Клиенттің нұсқаулары ҚР заңнамасына қайшы келген жағдайда, Клиент төлем құжаттарын ресімдеу ережелерін және беру мерзімдерін бұзған кезде, сондай-ақ Шотта Клиенттің нұсқауларын жүзеге асыру үшін, оның ішінде Банктің комиссиялық сыйақы сомасын төлеу үшін ақша сомасы жеткіліксіз болған жағдайда Клиенттің нұсқауларын орындаудан бас тарту;</p> <p>14) Клиенттен Шот бойынша операцияларды жүргізуге, Банктің валюталық бақылауды жүзеге асыруына, Банктің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасының талаптарын сақтауына, сондай-ақ Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыруға қажетті, оның ішінде Банктің ІНҚ сәйкес Клиент пен құрылтайшыларының (қатысушыларының/акционерлерінің) құқықтық мәртебесін (резиденттігі/азаматтығы) растайтын құжаттар мен ақпаратты сұрату;</p> <p>15) Банктің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасын сақтауы мақсатында Банкке банктік операцияларды жүргізу үшін берілген кез келген түрдегі деректерді алу, тексеру/қайта тексеру бойынша мүмкін болатын және ҚР заңнамасы аясында жол берілетін әрекеттер мен шараларды жүзеге асыру;</p> <p>16) заңды тұлғаның атауы өзгерген, мөрі (бар болса) жоғалған немесе тозған жағдайда Клиенттің өтініші негізінде оған жаңа мөрді (бар болса) дайындау үшін 10 (он) күнтізбелік айдан аспайтын уақыт беру. Бұл кезеңде Клиенттің төлем құжаттары қол үлгісі (-лері) бар құжатта көрсетілген тұлғалардың қолымен мөрдің (бар болса) жоқтығы туралы белгі қойылып қабылданады;</p> <p>17) келесі жағдайларда Шот бойынша операциялар жүргізуді тоқтата тұру және/немесе бас тарту:</p> <p>- Тізбеде Клиентті, оның Уәкілетті тұлғасын бенефициарлық меншік иесін анықтау;</p> | <p>- наличия задолженности клиента Банка по Договору и/или по любым его денежным обязательствам, включая обязательства по оплате комиссионного вознаграждения Банка за оказание тех или иных банковских услуг;</p> <p>- в иных случаях: по основаниям и в порядке, предусмотренных законодательством РК.</p> <p>11) осуществить изъятие (списание) денег со Счета по указанию третьих лиц в соответствии с требованием законодательства РК;</p> <p>12) заблокировать Счет в случае поступления в Банк распоряжения уполномоченного государственного органа или должностного лица о приостановлении расходных операций по Счету, а также заблокировать соответствующие суммы денег на Счете в случае поступления решений уполномоченных государственных органов или должностных лиц об аресте денег Клиента;</p> <p>13) отказать в исполнении указаний Клиента, в случае противоречия их законодательству РК, при нарушении Клиентом правил оформления и сроков предоставления платежных документов, а также в случае отсутствия на Счете Клиента достаточной суммы денег для осуществления указаний Клиента, включая суммы оплаты комиссионного вознаграждения Банка;</p> <p>14) запрашивать у Клиента документы и информацию, необходимые для проведения операций по Счету, осуществления Банком валютного контроля, соблюдения Банком требований законодательства РК о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма, а также для осуществления сбора, обработки и передачи данных/персональных данных Клиента, в том числе, подтверждающих правовой статус (резидентство/гражданство) Клиента и его учредителей (участников/акционеров) согласно ВНД Банка;</p> <p>15) осуществлять возможные и допустимые в рамках законодательства РК действия и меры по получению, проверке/перепроверке любого рода данных, предоставленных в Банк для проведения банковских операций;</p> <p>16) в случае переименования юридического лица, утери или износа печати (при наличии) на основании заявления Клиента, предоставить ему срок, не превышающий 10 (десяти) календарных дней для изготовления новой печати (при наличии). В этот период платежные документы Клиента принимаются к исполнению с подписью лиц, указанных в документе с образцами подписи (-ей), с пометкой об отсутствии печати (при наличии);</p> <p>17) приостановить и/или отказать в проведении операции по Счету в случае:</p> <p>- выявления Клиента, его Уполномоченного лица бенефициарного собственника в Перечне;</p> <p>- если одной стороной (сторонами) этой операции/сделки или обязательства по сделке является организация или лицо, включенное в Перечень,</p> |
|---|---|

| | |
|--|---|
| <p>- егер осы операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарабы (тараптары) Тізбеге енгізілген ұйым немесе тұлға, Тізбеге енгізілген ұйымның немесе тұлғаның тікелей немесе жанама түрде меншігінде немесе бақылауында тұрған заңды тұлға, Тізбеге енгізілген ұйымның немесе тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға болып табылса;</p> <p>- егер осы операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарабы/қатысушысы халықаралық ұйым немесе шет мемлекет анықтаған ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/тұрған тұлға болып табылса, не осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;</p> <p>- егер Клиент жүргізетін операцияларды меңгеру процесінде операцияның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсатында жүргізілуде деп пайымдауға күдік немесе негіздеме болса;</p> <p>- Клиенттің ҚР заңнамасы мен Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес құжаттар мен ақпаратты, оның ішінде Клиенттің және оның құрылтайшыларының (қатысушыларының/акционерлерінің) құқықтық мәртебесін (резиденттігін/азаматтығын) растайтын құжаттар мен ақпаратты бермеуі немесе Клиенттің оларды беруден бас тартуы;</p> <p>- ҚР заңнамасында және Банктің ІНҚ-да көзделген басқа да жағдайларда.</p> <p>18) уәкілетті мемлекеттік және құқық қорғаушы органдар мен корреспондент банктердің сұратуымен Клиент және Клиент жүргізетін операциялар туралы ақпарат беру;</p> <p>19) келесі жағдайларда Клиенттің электронды құжатын орындаудан бас тарту:</p> <p>- электронды құжаттарға жарамсыз/оқшауланған ОТР құрылғымен қол қою, сондай-ақ Mobil Pass орнатылған ұялы телефон өшірулі болған жағдайда;</p> <p>- егер ОТР құрылғы, Mobil Pass орнатылған ұялы телефон тиісті электронды құжатқа қол қоюға өкілеттігі жоқ және Банкке берілген Клиенттің қол қою үлгілері мен құжатында көрсетілмеген тұлғаға тиесілі болса немесе клиенттің бірінші басшысының қол қою үлгілері мен мөр бедері (бар болса) бар карточкасы болмаған, клиенттің пайдаланушысының өкілеттігі клиенттің сенімхатындағы және №8 өтініш-офертасындағы өкілеттікпен сәйкес келмеген жағдайда;</p> <p>- егер электрондық құжат осы Қосымша талаптарын және ҚР заңнамасының талаптарын бұзумен жасалған және берілген болса;</p> <p>20) Клиентке ҚБҚК жүйесі бойынша хабарлама жіберу арқылы Клиентті алдын ала хабарландыра отырып, ҚБҚК жүйесін қорғау механизмдеріне өзгерістер енгізу;</p> | <p>юридическое лицо, прямо или косвенно находящееся в собственности или под контролем организаций или лица, включенного в Перечень, физическое или юридическое лицо, действующее от имени или по указанию организаций или лица, включенного в Перечень;</p> <p>- если одной стороной/участником операции/сделки или обязательства по сделке является лицо, зарегистрированное/находящееся в стране со значительными рисками отмывания денег и финансирования терроризма, определенной международной организацией или иностранным государством, либо если в исполнении этой операции/сделки участвует такое лицо;</p> <p>- если в процессе изучения операций, совершаемых Клиентом, есть подозрение или основание полагать о том, что операции совершаются в целях легализации (отмывания) доходов, полученных преступным путем или финансирования терроризма;</p> <p>- не предоставления Клиентом либо отказа Клиента в предоставлении документов и информации в соответствии с требованиями Законодательства РК и ВНД Банка, в том числе, подтверждающих правовой статус (резидентство/гражданство) Клиента и его учредителей (участников/акционеров);</p> <p>- в иных случаях, предусмотренных законодательством РК и ВНД Банка.</p> <p>18) предоставлять информацию о Клиенте и совершаемых Клиентом операциях по запросу уполномоченных государственных и правоохранительных органов и банков-корреспондентов;</p> <p>19) отказать в исполнении электронного документа Клиента в случае:</p> <p>- подписания электронных документов недействительным/заблокированным ОТР-устройством, а также в случае отключения мобильного телефона с установленным Mobil Pass;</p> <p>- если ОТР-устройство, мобильный телефон с установленным Mobil Pass принадлежит лицу, не имеющему полномочий на подписание соответствующего электронного документа и отсутствующему в представленном в Банк документе с образцами подписей Клиента или в случаях, когда отсутствует карточка с образцами подписей и оттиска печати (при наличии) на первого руководителя клиента, несоответствия полномочий пользователя клиента полномочиям в доверенности клиента и Заявлении—оферте №8;</p> <p>- если электронный документ составлен и представлен с нарушением требований законодательства РК и настоящего Договора;</p> <p>20) вносить изменения в механизмы защиты системы ДБО, с предварительным уведомлением Клиента путем направления уведомления Клиенту по системе ДБО;</p> <p>21) отключить Клиента от системы ДБО в случае:</p> |
|--|---|

| | |
|--|---|
| <p>21) Клиентті келесі жағдайда ҚБҚК жүйесінен ажырату:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚБҚК жүйесіне үшінші тұлғалар тарапынан санкцияланбаған қол жеткізу туралы күдік туындағанда; - ҚБҚК жүйесін 6 (алты) ай бойы пайдаланбау. <p>22) Клиенттің бастамасы бойынша немесе ҚР заңнамасына сәйкес ҚБҚК жүйесінде жұмыс істеу үшін пайдаланылатын Шот жабылғанда алдын ала хабарландырусыз біржақты тәртіппен Клиенттің ҚБҚК жүйесіне қолжетімділігін алып тастау;</p> <p>23) электронды құжаттарды орындаудан бас тарту және (немесе) ҚБҚК жүйесінен ажырату жағдайында электронды тәсілмен себебін көрсете отырып хабарлама жолдау;</p> <p>24) осы Шартты бұзған кезде ҚБҚК жүйесіне кіруді оқшаулау;</p> <p>25) Банк корреспондент-банктен сұрату алған кезде, Клиенттің операцияларына қатысты қажетті материалдарды (оның ішінде банктік құпияны құрайтын) беруге құқылы, сұратылған материалдар Банкте болмаған жағдайда, Клиент сұратылған ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды 3 (үш) жұмыс күн ішінде ұсынуға міндетті.</p> <p>19.2. Банктің міндеттері:</p> <p>1) Шартта көзделген тәртіппен Клиентті Тарифтермен таныстыру;</p> <p>2) Стандартты талаптардың 19.1-бабының 8) тармақшасын ескерумен Клиент Банкке ҚР заңнамасы мен Банктің ІНҚ сәйкес барлық қажетті құжаттарды берген кезде Клиент қол қойған Ағымдағы шотты ашу туралы өтініш негізінде Клиентке жеке сәйкестендіру кодын (-тарын) бере отырып, Клиентке Шот (-тар) ашу;</p> <p>3) Шот ашылғаннан кейін Клиентке жеке сәйкестендіру кодтарын көрсетумен Ашылған Шоттар туралы хабарлама беру;</p> <p>4) Шот бойынша операцияны ҚР заңнамасына және Шартқа сәйкес жүргізу;</p> <p>5) электрондық-техникалық қондырғылар арқылы қолма-қол ақшамен операциялар жүргізген кезде даулы жағдайлар туындаған жағдайда, Клиентке даулы жағдайларды қарастыру нәтижелері және Банк қабылдаған шешім туралы Клиенттен өтініш алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлау;</p> <p>6) Клиенттің/Клиенттің уәкілетті тұлғасының ОТР-құрылғысымен немесе Mobil pass куәландырылған ҚБҚК жүйесін пайдалана отырып банкке берілген клиенттің шотынан ақша аудару өкімдерін орындау. Клиентке оның банктік шоттары бойынша жүргізілген операциялар бойынша ҚБҚК жүйесі бойынша ақпарат беру;</p> <p>7) егер Клиенттің ақша аудару туралы нұсқауының талаптары Банк үшін орындалмайтын болып табылса, оларды сақтау ақшаны аударудың кідірілуіне немесе</p> | <ul style="list-style-type: none"> - возникновение подозрения о несанкционированном доступе к системе ДБО третьих лиц; - не использование системы ДБО в течении 6 (шести) месяцев подряд. <p>22) при закрытии Счета, используемого для работы в системе ДБО, по инициативе Клиента, либо в соответствии с законодательством РК, в одностороннем порядке без предварительного уведомления отключить Клиенту доступ в систему ДБО;</p> <p>23) в случае отказа в исполнения электронных документов и (или) отключение от системы ДБО отправлять уведомление электронном способом с указанием причины;</p> <p>24) при расторжении настоящего Договора блокировать вход в систему ДБО.</p> <p>25) Банк вправе, при получении запроса банка-корреспондента, предоставить необходимые материалы, касающиеся операции Клиента (в т.ч. содержащие банковскую тайну), в случае отсутствия у Банка запрашиваемых материалов, Клиент в течение 3 (трех) рабочих дней обязан предоставить запрашиваемую информацию, сведения и документы.</p> <p>19.2. Банк обязан:</p> <p>1) знакомить Клиента с Тарифами в порядке, предусмотренном Договором;</p> <p>2) открывать Клиенту Счет (-а), с присвоением индивидуального (-ых) идентификационного (-ых кода (-ов), на основании подписанного Клиентом Заявления об открытии текущего Счета, при предоставлении Клиентом в Банк всех документов, необходимых в соответствии с законодательством РК и <u>ВНД Банка</u>, с учетом подпункта 8) пункта 19.1. Стандартных условий;</p> <p>3) после открытия Счета предоставить Клиенту Уведомление об открытых Счетах, с указанием индивидуальных идентификационных кодов;</p> <p>4) осуществлять операции по Счету в соответствии с законодательством РК и Договором;</p> <p>5) в случае возникновения диспутных ситуаций при проведении операций с наличными деньгами через электронно-техническое устройство, информировать Клиента о результате рассмотрения диспутной ситуации и принятом Банком решении, не позднее 30 (тридцати) рабочих дней с даты получения заявления от Клиента;</p> <p>6) выполнять распоряжения на перевод денег со счета Клиента, переданные в Банк с использованием системы ДБО, заверенные ОTR-устройством или Mobil Pass Клиента/Уполномоченного лица Клиента. Предоставлять Клиенту информацию по системе ДБО по операциям, проведенным по его банковским счетам;</p> <p>7) в случае, если условия исполнения указания Клиента о переводе денег являются для Банка невыполнимыми, их соблюдение может повлечь задержку перевода денег или дополнительные затраты, а также отказ в акцепте исполнения поручения Клиента, Банк в течение операционного дня обязуется уведомить об этом Клиента;</p> |
|--|---|

| | |
|---|---|
| <p>қосымша шығындарға әкеп соқтырса, сондай-ақ Клиенттің тапсырмасын орындау акцептінен бас тартылса, Банк бұл жөнінде бір операциялық күн ішінде Клиентті хабардар етуге міндеттенеді;</p> <p>8) Шотта орналастырылған ақша сомасы туралы, Шот бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпаратты операция жүргізген күннен кейінгі келесі операциялық күннен кешіктірмей, Шот бойынша үзінді көшірмелер нысанында оны Клиентке немесе оның уәкілетті тұлғасына қолма-қол немесе қорғалған байланыс арналары бойынша тапсыру;</p> <p>9) Клиент берген өтініш негізінде, егер ҚР заңнамасында немесе Шартта басқаша көзделмесе, Клиенттің Шотын жабу;</p> <p>10) Клиенттің операциялары/Шоттары бойынша банктік құпияны қамтамасыз ету. ҚР заңнамасы мен Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің келісімінсіз Шоттардың бар екені, жай-күйі және олар бойынша операциялар туралы мәліметтер бермеу;</p> <p>11) Алынып тасталды</p> <p>12) ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру және/немесе Шотта орналастырылған ақшаға тыйым салу туралы шешімдерін орындау;</p> <p>13) мемлекеттік органдардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру немесе Шоттағы ақшаға тыйым салу туралы шешімдердің күшін жою туралы тиісті жазбаша хабарламаларының негізінде, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда Шот бойынша шығыс операцияларын жаңғырту және Клиенттің ертеректе тыйым салынған ақшасына иелік ету құқығын шектемеу;</p> <p>14) ҚР заңнамасына сәйкес үшінші тұлғалар Шоттан ақшаны алып қою туралы ұсынған нұсқауларын ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен орындау;</p> <p>15) Шартта және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк Клиенттің нұсқауларын Клиент оларға бастама жасаған күні орындауды қамтамасыз етеді;</p> <p>16) Клиент Бенефициар ретінде заңнамада көзделген қажетті құжаттар мен мәліметтерді беруі тиіс болатын жағдайларды қоспағанда, Шотқа ақша есептеу бойынша нұсқауларды нұсқауды алған күні операциялық күн ішінде орындау;</p> <p>17) Шартта және ҚР заңнамасында Банкке жүктелген басқа да міндеттерді орындау.</p> <p>18) Клиенттен қабылдаған өтініштің негізінде Клиентті электрондық-техникалық қондырғы арқылы қосу және қызмет көрсету.</p> <p>19.3. Клиенттің құқықтары:</p> <p>1) ҚР қолданыстағы заңнамасы мен Шартқа сәйкес оның Шотындағы ақшаға өздігінен иелік ету;</p> <p>2) Банкте белгіленген операциялық күн ішінде Шот бойынша операциялар жүргізу;</p> <p>3) қолма-қол ақшасыз есеп айырысулардың барлық нысандарын пайдалану, ҚР заңнамасы мен Шартта</p> | <p>8) предоставлять информацию о сумме денег, размещенных на Счете, об операциях, произведенных по Счету, в форме выписок по Счету путем передачи их нарочно либо по защищенным электронным каналам связи Клиенту, либо уполномоченному им лицу не позднее операционного дня, следующего за датой проведения операции;</p> <p>9) закрыть Счет Клиента, на основании заявления, предоставленного Клиентом, если иное не предусмотрено законодательством РК или Договором;</p> <p>10) гарантировать банковскую тайну по операциям/по Счетам Клиента. Не предоставлять сведения о наличии, состоянии Счетов и операций по ним без согласия Клиента, за исключением случаев, предусмотренных законодательством РК и Договором;</p> <p>11) Исключен</p> <p>12) исполнять в соответствии с законодательством РК решения государственных органов о приостановлении расходных операций по Счету и/или наложении ареста на деньги Клиента, размещенные на Счете;</p> <p>13) на основании соответствующих письменных уведомлений государственных органов об отмене решений о приостановлении расходных операций по Счету или наложении ареста на деньги на Счете Клиента, а также в случаях, предусмотренных законодательством РК, возобновлять расходные операции по Счету и не ограничивать право Клиента по распоряжению деньгами, на которые ранее был наложен арест;</p> <p>14) исполнять предъявленные в соответствии с законодательством РК указания третьих лиц об изъятии денег со Счета в порядке, установленном законодательством РК;</p> <p>15) банк обеспечивает исполнение указания Клиента в день его инициирования Клиентом, за исключением случаев, предусмотренных Договором и законодательством РК;</p> <p>16) исполнять указания по зачислению денег на Счет в течение операционного дня в день получения указания, за исключением случая, когда Клиенту как Бенефициару необходимо представить необходимые документы и сведения, предусмотренные законодательством;</p> <p>17) выполнять иные обязанности, возложенные на Банк Договором и законодательством РК.</p> <p>18) на основании принятого заявления Клиента, осуществить подключение и обслуживание Клиента посредством электронно-технического устройства.</p> <p>19.3. Клиент вправе:</p> <p>1) самостоятельно распоряжаться деньгами, находящимися на его Счете, в соответствии с действующим законодательством РК и Договором;</p> <p>2) совершать операции по Счету в течение установленного в Банке операционного дня;</p> <p>3) использовать все формы безналичных расчётов, а также совершать операции с наличными</p> |
|---|---|

| | |
|--|--|
| <p>белгіленген тәртіппен және талаптар бойынша қолма-қол ақшамен операциялар жүргізу;</p> <p>4) Банкке осындай қызметтер үшін өтініш жасаған сәтте қолданылатын талаптарда Банк көрсететін банктік қызметтердің толық кешенін алу;</p> <p>5) Банктен Шоттағы ақша сомасы және белгілі уақыт кезеңі үшін Шот бойынша жүргізілген операциялар туралы мәліметтер алу;</p> <p>6) Банкпен барлық өзара есеп айырысуларды аяқтағаннан кейін және Банкке Шотты (-тарды) болжамды жабу күніне дейін кемінде 14 (он төрт) күнтізбелік күн бұрын қабылданған шешім туралы жазбаша хабарлап, Шотты (-тарды) жабу және ақшаны басқа банкке аудару;</p> <p>7) осы Шартта көзделген талаптар бойынша ҚБҚК жүйесінде қызметтерінің толық кешенін пайдалану;</p> <p>8) жаңа ОТР құрылғы алу (жоғалған, бүлінген және тағы басқа жағдайда), Банкке өтініш жасау және Тарифтерге сәйкес ақы төлеу;</p> <p>19.4. Клиенттің міндеттері:</p> <p>1) Клиенттің Шотын ашуға және жүргізуге, операцияны жүргізуге/мәмілені жүзеге асыруға қажетті ҚР заңнамасында және Банктің ІНК-да анықталатын барлық құжаттар мен ақпаратты Банкке беру;</p> <p>2) Банкке Шотты жүргізгені, сондай-ақ басқа да банктік қызметтерді көрсеткені үшін Шот бойынша тиісті операцияны жүргізген сәтте қолданылатын Тарифтерге сәйкес комиссиялар төлеу;</p> <p>3) Шот бойынша операцияларды жүзеге асыру кезінде ҚР заңнамасы мен Шарттың талаптарын сақтау;</p> <p>4) Банкке ҚР заңнамасы мен Шартқа сәйкес ресімделген, ҚР заңнамасы мен Шартқа қайшы келмейтін Шот бойынша операцияларды жүзеге асыру туралы нұсқаулар беру;</p> <p>5) Банк Клиенттің Шоты бойынша жүргізетін операцияларға ықпал етуі мүмкін барлық өзгерістер туралы, оның ішінде, бірақ шектелмей, Клиенттің атауының, оның орналасқан жерінің, телефонының өзгергені (оның ішінде Клиенттің / Клиенттің Уәкілетті тұлғаларының ұялы телефон нөмірлерінің), мөрінің (бар болса) жоғалғаны немесе тозғаны, мемлекеттік қайта тіркеуден өткені туралы, Шотқа иелік ету құқығы бар тұлғалардың өзгергені туралы осындай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын ұсына отырып, барынша қысқа мерзім ішінде, бірақ осындай өзгерістер енгізілген сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Банкке жазбаша түрде дереу хабарлау. Бұлай жасамаған жағдайда Банк Шот бойынша операциялар жүргізуге ықпал ететін өзгерістер туралы ақпарат болмаған кезде жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) үшін жауапкершілікте болмайды;</p> <p>6) Клиенттің бенефициарлық меншік иелерінің өзгергені туралы растаушы құжаттарды ұсына отырып, осындай өзгерістер айқындалған күннен</p> | <p>деньгами в порядке и на условиях, установленных РК и Договором;</p> <p>4) получать полный комплекс банковских услуг, оказываемых Банком, на условиях, действующих на момент обращения в Банк за такими услугами;</p> <p>5) получать от Банка сведения о сумме денег на Счете и об операциях, произведенных по Счету за определенный период времени;</p> <p>6) закрыть Счет (-а) и перевести деньги в другой банк, после завершения всех взаиморасчетов с Банком и письменного уведомления Банка о принятом решении не менее чем за 14 (четырнадцать) календарных дней до предполагаемой даты закрытия Счета (-ов);</p> <p>7) пользоваться полным комплексом услуг системы ДБО на условиях, предусмотренных настоящим Договором;</p> <p>8) получить новое ОTR-устройство (при утере, повреждении и так далее) обратиться в Банк и внести оплату согласно Тарифам;</p> <p>19.4. Клиент обязан:</p> <p>1) представить Банку все необходимые документы и информацию для открытия и ведения Счета Клиента, проведения операции/осуществления сделки, определяемые законодательством РК и ВНД Банка;</p> <p>2) оплачивать Банку комиссионное вознаграждение за ведение Счета, а также за предоставление иных банковских услуг в соответствии с Тарифами, действующими на момент совершения соответствующей операции по Счету;</p> <p>3) соблюдать требования законодательства РК и Договора при осуществлении операций по Счету;</p> <p>4) предъявлять Банку, оформленные в соответствии с законодательством РК и Договором, указания об осуществлении операций по Счету, не противоречащие законодательству РК и Договору;</p> <p>5) незамедлительно письменно уведомлять Банк обо всех изменениях, которые могут повлиять на проводимые Банком операции по Счету Клиента, в том числе, но не ограничиваясь, об изменении наименования Клиента, его местонахождения, номера телефона (в том числе номера мобильного телефона Клиента/Уполномоченных лиц Клиента), утеря либо износ печати (при наличии), прохождение государственной перерегистрации, об изменении лиц, обладающих правом распоряжения Счетом, с представлением оригиналов документов, подтверждающих такие изменения в предельно короткие сроки, но не позднее 5 (пяти) календарных дней с момента внесения таких изменений. В противном случае, Банк не несет ответственности за действия (бездействие), совершенные при отсутствии у него информации о произошедших изменениях, влияющих на проведение операций по Счету;</p> <p>6) письменно сообщать Банку об изменении бенефициарных собственников Клиента в срок не позднее пяти рабочих дней со дня выявления таких</p> |
|--|--|

| | |
|---|--|
| <p>бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде Банкке хабарлау;</p> <p>7) Шот жабылған кезде Банкке Шот бойынша алған барлық чек кітапшаларын пайдаланылмаған чектермен бірге қайтару;</p> <p>8) Банкке валюталық бақылауды жүзеге асыру, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыру мақсатында сұрататын, оның ішінде Банктің ІНҚ сәйкес Клиент пен оның құрылтайшыларының (қатысушыларының/акционерлерінің) құқықтық мәртебесін (резиденттігі/азаматтығы) растайтын құжаттар мен ақпаратты беру;</p> <p>9) Клиент Банкке ол туралы/Клиенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің немесе орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акцияларды шегерумен) 25%-нан астамын тікелей немесе жанама түрде иеленетін тұлғалары туралы ақпаратты ашуына өзінің сөзсіз келісімін береді;</p> <p>10) Шоттағы ақшаға иелік етуге сенімхаттың берілу фактісі туралы сенімхат берілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке тиісті түрде ресімделген сенімхатты ұсыну арқылы Банкті хабардар ету;</p> <p>11) Банктен алынған барлық хат-хабарды (Шот бойынша үзінді көшірмелерді және/немесе кез келген басқа ақпаратты), Банктің Клиент тапсырмаларын орындау дұрыстығын тексеру және хат-хабарды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке қандай да бір дәлсіздіктердің айқындалғаны және/немесе Клиенттің тапсырмаларын тиісті түрде орындамағаны туралы, сондай-ақ оның Шотына қате есептелген сомалар және/немесе үшінші тұлғалардың шоттарына қате аударылған сомалар туралы хабарлау;</p> <p>12) электрондық-техникалық қондырғы арқылы қолма-қол ақшамен операциялар жүргізу кезінде даулы жағдайлар туындаған жағдайда:</p> <ul style="list-style-type: none"> - банктік компьютерлік жүйенің (бұдан әрі – БКЖ) бақылау чегінде көрсетілген техникалық қызмет телефондары бойынша және/немесе фронт офис қызметкеріне жүгіну; - Банктің филиалына/бөлімшесіне жүгінген кезде даулы жағдайлар туралы жазбаша өтінішті ресімдеу және операцияның жасалғанын растау үшін оны фронт офис қызметкеріне басып шығарылған БКЖ бақылау чегімен (ол бар болғанда) бірге қосып беру; <p>13) ҚБҚК жүйесін пайдалануға, оның ішінде ҚБҚК жүйесінде жұмыс істеуге арналған барлық құпиясөздер мен кодтарды, ОТР құрылғыны, Mobil Pass пайдалануға қатысты барлық ақпараттың,</p> | <p>изменений с предоставлением подтверждающих документов;</p> <p>7) при закрытии Счета, возвратить Банку все полученные по Счету чековые книжки с неиспользованными чеками;</p> <p>8) предоставлять Банку документы и информацию, запрашиваемые им для целей осуществления валютного контроля, соблюдения требований законодательства РК о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма, а также для осуществления сбора, обработки и передачи данных/персональных данных Клиента, в том числе, подтверждающих правовой статус (резидентство/гражданство) Клиента и его учредителей (участников/акционеров) согласно ВНД Банка;</p> <p>9) Клиент предоставляет Банку свое безусловное согласие на раскрытие информации о нем/лицах, которым прямо или косвенно принадлежат более 25% долей участия в уставном капитале либо размещенных (за вычетом привилегированных и выкупленных обществом) акций Клиента;</p> <p>10) уведомить Банк о факте выдачи доверенности на распоряжение деньгами на Счете в течение 1-го (одного) рабочего дня со дня выдачи доверенности, путем предоставления Банку надлежаще оформленной доверенности;</p> <p>11) проверять всю полученную от Банка корреспонденцию (выписки по Счету и/или любую другую информацию), правильность исполнения Банком поручений Клиента, и не позднее 1 (одного) рабочего дня с момента получения корреспонденции уведомить Банк об обнаружении каких-либо неточностей и/или ненадлежащего исполнения поручений Клиента, а также об ошибочно зачисленных суммах на его Счет и/или ошибочно перечисленных суммах на счета третьих лиц;</p> <p>12) в случае возникновения диспутных ситуаций при проведении операций с наличными деньгами, через электронно-техническое устройство:</p> <ul style="list-style-type: none"> - обратиться по телефонам службы технической поддержки, указанным на контрольном чеке банковской компьютерной системы (далее – контрольный чек БКС) и/или к работнику фронт офиса; - при обращении в филиал/отделение Банка, оформить письменное заявление о диспутной ситуации и предъявить его работнику фронт офиса, приложив к заявлению распечатанный контрольный чек БКС (при его наличии), подтверждающий совершение операции; <p>13) сохранять конфиденциальность всей информации, связанной с использованием системы ДБО, в том числе все пароли и коды, предназначенные для работы в системе ДБО, ОTR-устройства, Mobil Pass, а также иную информацию, связанную с исполнением настоящего Договора;</p> <p>14) хранить ОTR-устройства в надежном месте, исключая доступ к нему неуполномоченных лиц;</p> |
|---|--|

| | |
|--|--|
| <p>сондай-ақ осы Шартты орындауға байланысты басқа да ақпараттың құпиялылығын сақтау;</p> <p>14) ОТР құрылғыны уәкілетті емес тұлғалар қол жеткізе алмайтын сенімді жерде сақтау; Mobil Pass орнатылған ұялы телефонға бөтен адамдардың қол жеткізуін болдырмау;</p> <p>15) Алынып тасталды.</p> <p>16) Алынып тасталды.</p> <p>17) ҚБҚК жүйесінің талап етуімен құпиясөз ауыстыру операциясын құпиясөзді соңғы ауыстырған күннен бастап 30 немесе 60 (отыз (алпыс)) күнтізбелік күн өткенде жүргізу;</p> <p>18) ОТР құрылғыны, Mobil Pass орнатылған ұялы телефонды сақтау кезінде, сондай-ақ ҚБҚК жүйесінде операциялар жүргізу кезінде қауіпсіздікті күшейту мақсатында осы Шартта көзделген барлық қажетті қауіпсіздік шараларын пайдалану;</p> <p>19) Алынып тасталды.</p> <p>20) тіркеу куәлігін пайдаланған кезде мезгіл-мезгіл (жылына кемінде 1 (бір) рет) дербес және өз есебінен тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Куәландырушы орталықтан жаңа тіркеу куәлігін алу және кілттерді ауыстыруды жүргізу – жабық кілтті түрлендіру пен тиісті ашық кілт жасау;</p> <p>21) жаңа Тіркеу куәлігін (-терін) алғаннан кейін ҚБҚК жүйесі арқылы жарамды Тіркеу куәлігін (-терін) тіркеу;</p> <p>22) ҚБҚК жүйесінде жұмыс істеу үшін зиян келтіретін бағдарламалардан және әлеуметтік желілерге қосылудан қорғалған, бөлінген бағдарламалық-техникалық құралды беру;</p> <p>23) осы Шартқа сәйкес пайдаланылатын өз бағдарламалық-техникалық құралдарын қолданыстық күйінде ұстап тұру;</p> <p>24) уақтылы, аптасына кемінде 1 (бір) рет, бағдарламалық-техникалық құралдарда (компьютер) вирустардың бар-жоғын тексеру және вирусқа қарсы бағдарламаларды жаңарту;</p> <p>25) Банкке ОТР құрылғымен немесе Mobil Pass-пен электронды құжаттарды беру;</p> <p>26) дереу 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша немесе ҚБҚК жүйесі арқылы Банкке Клиенттің Шоты бойынша жүргізетін операцияларға ықпал етуі мүмкін барлық өзгерістер (телефон нөмірлері, оның ішінде Клиенттің / Клиенттің Уәкілетті тұлғаларының ұялы телефон нөмірлері) туралы, оның ішінде Клиенттің атауының, оның орналасқан жерінің, Шотқа иелік ету құқығы бар тұлғалардың өзгергені, уәкілетті тұлғалардың ауысқаны туралы осындай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын ұсына отырып хабарлау. Бұлай жасамаған жағдайда Банк Шот бойынша операциялар жүргізуге ықпал ететін өзгерістер туралы ақпарат болмаған кезде жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) үшін жауапкершілікте болмайды;</p> | <p>исключить доступ к мобильному телефону с установленным Mobil Pass посторонних лиц;</p> <p>15) Исключен.</p> <p>16) Исключен.</p> <p>17) производить операцию смены пароля по требованию системы ДБО – по истечении 30 или 60 (тридцати (шестидесяти)) календарных дней с даты последней смены пароля;</p> <p>18) в целях усиления безопасности при хранении ОТР-устройства, мобильного телефона с установленным Mobil Pass, а также при проведении операций в системе ДБО, использовать все необходимые меры безопасности, предусмотренные настоящим Договором;</p> <p>19) Исключен.</p> <p>20) при использовании регистрационного свидетельства периодически (не реже 1 (одного) раза в год) самостоятельно и за свой счет в срок не позднее 7 (семи) рабочих дней до истечения срока действия регистрационного свидетельства получать от Удостоверяющего центра новое регистрационное свидетельство и проводить замену ключей – генерировать закрытый ключ и соответствующий открытый ключ;</p> <p>21) после получения нового(-ых) Регистрационного(-ых) свидетельства через систему ДБО зарегистрировать действительное(-ные) Регистрационное(-ые) свидетельство(-а);</p> <p>22) предоставить для работы системы ДБО выделенное программно-техническое средство, защищенное от вредоносных программ и подключения к социальным сетям;</p> <p>23) поддерживать в рабочем состоянии свои программно-технические средства, используемые в соответствии с настоящим Договором;</p> <p>24) своевременно, но не реже 1 (одного) раза в неделю, проверять программно - технические средства (компьютер) на наличие вирусов и устанавливать обновление антивирусных программ;</p> <p>25) предоставлять в Банк электронные документы, ОТР-устройством или Mobil Pass;</p> <p>26) незамедлительно в течение 3 (трех) рабочих дней письменно либо посредством системы ДБО сообщать Банку обо всех изменениях (номеров телефонов, в том числе номеров мобильных телефонов Клиента/Уполномоченного лица Клиента, адреса электронной почты) которые могут повлиять на проводимые Банком операции по Счету Клиента, в том числе, об изменении наименования Клиента, его местонахождения, об изменении лиц, обладающих правом распоряжения Счетом, смене уполномоченных лиц с представлением оригиналов документов, подтверждающих такие изменения. В противном случае, Банк не несет ответственности за действия (бездействие), совершенные при отсутствии у него информации о произошедших изменениях, влияющих на проведение операций по Счету;</p> |
|--|--|

27) ОТР құрылғын жоғалту немесе басқаша жария болуы жағдайында және/немесе Клиенттің банктік шоттары бойынша санкцияланбаған операцияларды жүргізу жағдайларына күдік туындаған кезде дереу Банкке есептік жазбаны оқшаулау талабымен жүгіну қажет, бұл ретте Клиент өте қысқа мерзім ішінде ОТР құрылғыны ауыстыруға міндетті;

28) алынып тасталды.

29) ҚБҚК жүйесіндегі Жұмыс орнының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптар мен ұсыныстарды толық көлемде сақтауға міндеттенеді;

30) Шартқа және/немесе ҚР заңнамасына сәйкес қойылатын Банктің талаптары мен басқа да міндеттерді уақытында және тиісті түрде орындау;

31) Шартқа енгізілген және Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің www.eubank.kz мекенжайы бойынша ресми сайтында орналастырылған өзгерістермен/толықтырулармен келіспеген жағдайда Шарттың 19.1-тармағының 1) тармақшасында көзделген тәртіппен мұндай өзгерістерден бас тарту.

32) Банктің сұратуы бойынша, Шарттың 19.1-т. 25) тармақшасына сәйкес, Клиент сұратылған ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды 3 (үш) жұмыс күн ішінде ұсынуға міндетті.

20-ТАРАУ. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

ТАРАПТАРДЫҢ

20.1. Клиент Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Шарттың талаптарына және ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

20.2. Банктің Клиент Шотына ақшаны уақтылы есептемегені немесе заңсыз есептен шығарғаны үшін Банк Клиентке мерзімі кешіктірілген әрбір операциялық күн үшін, Банк міндеттемелерді тиісті түрде орындаған күнді қоспағанда, уақтылы есептелмеген/заңсыз есептен шығарылған сомандан 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) % мөлшерінде, бірақ кез келген жағдайда көрсетілген соманың 5 (бес) %-нан аспайтын мөлшерде залалдар емес өсімпұл төлейді, бұған Шарттың 19.1-тармағының 9), 17) тармақшалары мен 19.2-тармағының 10) тармақшасында көзделген Банк Клиентке өсімпұл төлемейтін жағдайлар қосылмайды.

20.3. Клиенттің нұсқауларын, оның ішінде бірақ шектелмей, Шоттан ақшаны аудару туралы және/немесе Шоттан қолма-қол ақша беру туралы нұсқауларды орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Банк Клиентке мерзімі кешіктірілген әрбір операциялық күн үшін, Банк міндеттемелерді тиісті түрде орындаған күнді қоспағанда, Банк орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған нұсқау сомасынан 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) % мөлшерінде, бірақ кез келген жағдайда көрсетілген соманың 5 (бес) %-нан аспайтын

27) в случае утери или иной компрометации ОТР-устройства, и/или при подозрении случаев проведения несанкционированных операций по банковским счетам Клиента, незамедлительно обратиться в Банк с требованием блокирования учетной записи, при этом Клиент обязан в кратчайшие сроки поменять ОТР-устройства;

28) исключен;

29) обязуется в полном объеме соблюдать условия, требования и рекомендации по обеспечению информационной безопасности Рабочего места в ДБО;

30) своевременно и надлежащим образом выполнять иные обязанности и требования Банка, предъявляемые в соответствии с Договором и/или законодательством РК;

